

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 1652 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 22 ақпан N 240

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік кепілдіктер берудің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 1652 P011652_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Kazakstan Airlines" ашық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Заемшы) тартылатын мемлекеттік емес заем бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде Қазақстан Республикасының мынадай мемлекеттік кепілдігін берсін:

"2001 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Z000131_ Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің шегінде 27 000 000 (жиырма жеті миллион) АҚШ доллары мөлшерінде негізгі борышын, сондай-ақ кепілгердің төлеуге тиісті пайыздары мен өзге де төлемдерін қамтитын сомада;

"2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының

Z010273_

Заңымен бекітілген мемлекеттік кепілдіктер беру лимитінің шегінде 42 000 000 (қырық екі миллион) АҚШ доллары мөлшерінде негізгі борышын, сондай-ақ кепілгердің төлеуге тиісті пайыздары мен өзге де төлемдерін қамтитын сомада;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК